

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ГАЗЕТІ

Gymnasium news



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92/11/21 ЖЕЛТОҚСАН-ҚАҢТАР

1 ЖЕЛТОҚСАН – ҚР ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ



1 желтоқсан Қазақстан Республикасының тұңғыш президент күні құтты болсын!

Сіздерді 1 желтоқсан-Елбасы күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Қазақ тарихында Әз Жәнібек пен Керей, Қасым мен Абылай, Хақназар мен Кенесары сынды халқын ақылмен, парасатпен басқарған хандар болған. Солардың сара жолымен, сындарлы саясатымен егеменді елімізді басқарып келе жатқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орны ерекше.

Елбасы есімі Егемендік, Тәуелсіздік, Қазақстан, Отан, Бірлік сияқты ұғымдармен қатар айтылады. Елбасы – татулығымыздың, береке - бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың кепілі. Тұңғыш Президентіміздің еңбек жолы - жас қазақстандықтар үшін үлгі мен тағылымның мектебі. Ел болашағы үшін жасалып жатқан игі істер табысты болып, еліміз, елін сүйген, ел қамқоры азаматтарымыз аман болсын! Баршаларыңызға табыс, сәттілік, сәулемі құмыр тілеймін.

Тәуелсіздік - бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік - таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 30 жыл. Жиырма бес жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

1991 жылы ел тәуелсіздігін алған кезде халық болып қана қуанған жоқпыз. Қазақ елінің өз алдына республика болуын қалаған әрі ең бірінші болып мойындаған -Түркия. Бұл тәуелсіздікті бір ел ғана емес, бүкіл ел болып қолдайды деген сөз. Ал іргесі қаланған жаңа республиканың әрі қарай өмір сүруі үшін ерен еңбек керек. Ол оның ішкі және сыртқы әлемі, экономикасы, ақшасы деген секілді көптеген құндылықтарға келіп тіреледі. Аталған құндылықтарды отыз жыл ішінде үлкен мақсатқа айналдырған еліміз астанасын да бекітті. Тіпті, бүгінде Астана арман қалаға айналды. Апортына бүкіл ел сүйсінген Алматының өзін мәдениет пен әдебиеттің қаласына айналдырды. Өзінің ішкі туризмі, теңгесі, ұзын сонар қара жолдары тарамдалып жатты.

Арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты сақтау. Жәнібек пен Керейдің кереген керегесін кілем үсті көтеріп, Отанды қастерлеп өту - әрбір ұрпақтың міндеті. Қазақта «Отансыз адам - ормансыз бұлбұл» деген сөз бар. Орманы жоқ құстың ұясы да, қонар бұтағы да жоқ. Дәл сол секілді тірлік кешу ортасы жоқ ұлттың өмір сүруі мүмкін емес.

Тәуелсіздік - ащы термен келген тәтті жеңіс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

Елбасына арнау

Елдігім мен теңдігім бүгін таңда
Оңайлықпен келген жоқ ол расында
Желбіресе туымыз аспан көкте
Ел ағасы Нұр ағаның арқасында.
Ақын болып тілімді ұштайын мен
Нұр ағаның игі істерін жырлайын мен

Халқының қалаулысын бүгін таңда
Айтудан ешқашан тынбайын мен.
Сұрапыл сол бір жылды еске алсақ,
Құрбан болды қанишама қыршын қазақ,

Қазақ халқы теңселіп кетті – ау шіркін,

Сол бір жыл біздер үшін үлкен азап.

Таққа келді қазақтың жас баласы,

Өзі дара, өзі дана, ел баласы,

Қазақтың біткен екен маңдайына,

Қарапайым Нұр ағадай бір баласы.

Бағы ашылды қазақ деген халықтың,

Арқасығой ол да болса Нұр ағаның,

Ізгі істер істеудің арқасында,

Әлемге әйгілі болды қазақ атың.

Ел ордасы Астананы гүлге орады,

Мектеппенен салғызды

балабақшаларды,

Боз торғай жұмыртқалаған бүгін

таңда,

Осы емес пе қазақтың басты

арамны?

Азаттықта, бостандықта елім

менің,

Алғысым көп Нұр аға сізге менің,

Біз сияқты жастардың ертеңі деп,

Ойластрыған бар елінің ертеңін.

1-БЕТ

- ♦ 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президент күні.
- ♦ 16 желтоқсан—ҚР Тәуелсіздік күні.

2-БЕТ

- ♦ «Мәңгілік ел—бабалар аманаты»
- ♦ «Тәуелсіздік—тұғырым»
- ♦

3-БЕТ

- ♦ «Қазақстан—менің мақтанышым»

4-БЕТ

- ♦ Тәуелсіз елім-Қазақстаным!»
сурет көрмесі

Тәуелсізбіз отыз жыл!

авторы: **Жібек Ысқакова**

Тәуелсіздік — соғып тұрған жүрегім
Сен бар жерде азаттық бар білемін
Сүрінсем мен абайсызда жығылып,
Тәуелсіздік — қуат берер тірегім

Қайрат, Ләззат, Сабираның үні бар,
Азаттықтың ұмпылмас жыры бар.
Тәуелсізбіз, азат еліміз — отыз жыл,
Біздер үшін айнымайтын құны бар.

«Отыз жылдық» мерекең құтты болсын,
Қаны таза, жаны таза қазағым!
Желтоқсаншы жастар бастан кешірген,
Ендігәрі болмасын ондай азабың!



Мәңгілік Ел – бабалар аманаты

Азат Ел-ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Сол арман қазақ жастарын үнемі биікке қарай самғауға қанаттандырып отырғандықтан, керегесі кең елге айналды. Күн демей, түн демей, кемел келешек үшін күрескен батырларымыздың арманының орындалғанына шын жүректен мақтанып, болашаққа нық қадам басуға жігерленіп отырмыз.

Қазіргі таңда еліміз көптеген жаңа бағыттар мен бағдарламалар өткізіп жатыр. Мұның барлығы елімізді тарихқа «тайға таңба басқандай» етіп, мәдени халық ретінде қалыптастыру үшін. Елбасының қанатты сөздері ұрпаққа өнеге демекші, ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев "Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік рухта болса, ол елдің еңсесі де биік болады" деп өз ойын тұжырымдаған болатын. Бұл сөзіме өзіміздің бұлбұл дауысты әнші қыздарымыз бен ұлдарымыз, Қазақстанды әлемге танытқан Д.Құдайберген дәлел бола алады. Бойында қазақи сыпайлық пен мәдениеттілік болғандықтан, ынтымағы жоғары елде тәрбие алғандықтан, жас әншіміз өз қадамын нық басудан тайынбады, себебі қолдаушысы да, қорғаны да «қазақ» атты халқы бар. Тек бір асылымыз ғана емес, осындай мыңдаған шебер де өнерлі жастарымыз өте көп. Біз сол ата-бабаларымыздың арманын ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық.

Ойымды тұжырымдай келе, мынадай ойға келдім. «Мәңгілік Ел» - аяулы Қазақстанымыз болашаққа бастар айқын жол. Байлығымыз да, бақытымызда болған Мәңгілік тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау біздің басты парызымыз екенін жадымызда сақтауымыз керек.

Қойшыманова Ақниет 7 «Ә» сынып оқушысы

ТӘУЕЛСІЗДІК—ТҰҒЫРЫМ



Гимназия кітапханасының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік—тұғырым» тақырыбында ел тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі қарсаңында оқырмандар назарына кітап көрмесі ұсынылды.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Қарағанды облысы жастарының арасында ұйымдастырылған «Дарабоз» интеллектуалды танымдық ойынының финалдық кезеңінде гимназиямыздың «Тұран» тобы жеңімпаз атанды.

Еліміздің Тәуелсіздігінің отыз жылдық мерекесі аясында ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету, еліміздің даму жолындағы жетістігін бүгінгі ұрпақпен бөлісу, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру мақсатында облыстық «Өнегелі өмір» жобасы аясында «30жыл!


30асу !30 белес!» тақырыбында академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарның кандидаты, доцент Бейсенбекова Нұрсахан Ахметовна мен ҚР Оқу ісінің үздігі, ҚР Президентінің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ардагер ұстаз Төлеуханова Күліш апайларымызбен кездесу өткізіліп, қонақтарымыз ұлы мереке ел тәуелсіздігінің — 30 жылдығымен құттықтай отырып, оқушыларға тәуелсіздік құндылығын бағалау, болашақта еліне қызмет ету туралы кеңестерімен үндесіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Шара барысында қонақтарымыз оқушылардың асыға ынталанып күткен «30 жылдыққа—30 бестік» гимназияішілік акциясының 6-9 сыныптар арасындағы 15 жеңімпазын марапаттады.

gymnasium_s.seifullin.krg



Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына
арналған шаралар шеңберінде 3 «Б»
сынып оқушылары Қарағанды
облыстық тарихи-өлкетану
мұражайына барып, «Тәуелсіз
Қазақстан кезіндегі Қарағанды
облысының дамуы» залының
экспозициясымен танысып қайтты.

Тәуелсіз елім-Қазақстаным!



АЛИ
АХМЕТ
6«Б»
сынып



ӘДІЛ КӨРКЕМ 1 «Б» сынып



Жәнібек Айзере 1 «Б» сынып



РАЙКУЛ ЖАНГІТІЛЕУ



САДИРБАЙ ЖІГЕР 6 «А» сынып



Бөгенбай Аяна 1 «Б» сынып




БАГЖАНОВА НУРИЯ




ТАЙШЫБАЕВА АЙНАЗ



АБЫЛАЙ ӘДІЛЕТ 1 Б сынып



Торегожина Жамила




Ермеқұлы Ислам 1 «Б» сынып



Жакенбаев Асыл 5 «Б» сынып



Ахметзәки Әмина 6«А» сынып



Сыздықова Дидара 7«Б» сынып



ҮСЕНХАН ДИАС 1Б сынып



Танашев Арыстан 5«Ә» сынып



Габдулина Аяна



Марат Алмас 1 «Б» сынып

Меншік иесі:
«С.Сейфуллин
атындағы
гимназиясы» КММ
Бас директоры
Қ.Т.Сейтимбетова

Бас
директордың
шығармашылық
жөніндегі
орынбасары
А.Қ.Рыскулова

Бас редактор
Ф.Д.Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С.Тлеубергенова

Көркемдеуші-
дизайнер
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
Қанапаш Раушан

Корректорлар
«Kitaptime»
мүшелері:
9 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубаева 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39